

2016 жылдың 2 тоқсанына сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижесі

I. Кіріспе бөлігі

1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мәні: Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің қызметі
2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг аудан әкімінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 114 –І өкімімен бекітілген жұмыс тобымен өткізілді.
3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг өткізу кезеңі: 2016 жылдың 22 маусымында басталып, 2016 жылдың 27 маусымында аяқталды.
4. Бақылауға алынған кезең: 2016 жылдың II тоқсаны

II. Ақпараттық – талдамалы бөлігі

Аудан әкімдігінің штат бірлігі 2016 жылдың 2 тоқсанының аяғына штат бойынша- 192, нақты жұмыс істейтіндердің саны- 179, бос орын – 13, ауысуы-10, өз еркі бойынша босатылғандар-10, теріс себептер бойынша- жоқ, тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар-4 мемлекеттік қызметші, мерзімінен бұрын тәртіптік жазасы алынғандар-1. Аудан әкімдігінің барлық қызметкерлері атқарып отырған лауазымның біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Аудан әкімдігінің тәртіптік және конкурстық комиссияларының құрамы тиісті түрде бекітілген. Барлық қызметкерлер оқу, біліктілікті арттыру мерзімі мен тәртібін қадағалайды. Еңбек тәртібін бұзу, еңбек тәртібін қайталап бұзу, мемлекеттік қызметшілермен әкімшілік және қылмыстық құқықтық бұзу, бұрын сыйбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылыққа жол берген, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактісі орын алмаған.

1) мүдделер қақтығысы анықталмаған;

2) аудан әкімі аппаратына бағынысты дербес бөлімдер мен ауылдық округ әкімдіктерінен 84 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетіледі. 2016 жылдың 2 тоқсанының 2 айына 17454 мемлекеттік қызмет көрсетілген, оның ішінде баламасыз негізде мемлекеттік орган арқылы 103 қызмет, баламалы негізде 16857, мемлекеттік корпорациялар арқылы 403 және электронды түрде (ЭҮПІ және Е- куәландыру МДБ арқылы) 91 қызмет көрсетілді. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша орнатылған мерзімді бұзу болған емес, қызмет алушылар тарапынан қызмет көрсетушілердің атына арыз түскен емес.

Зерттелген кезеңнің өтініштерін талдау сыйбайлас жемқорлық тақырыбына жататын өтініштер жоқ екендігін көрсетеді. Өтініштердің көбі

жер пайдалану, тұрғын үйді жекешелендіру, тұрғын алаңын кеңейту туралы. Дегенмен, ағымдағы жылдың 2 тоқсанында Жезкент кенттік округі әкімінің, Новопокровка және Петропавловка ауылдық округтері әкімдерінің әрекетіне бірнеше өтініш түсті. Аталған өтініштер қарастырылды. Жеке және заңды тұлғалар өтініштерінің есебі ЭҚАБЖ есепке алынатындықтан, тікелей жазбаша жүгінген тұлғаларға бірегей нөмірі бар талон беріледі. Аудан әкімдігінің бекітілген кестесіне сәйкес тұрақты негізде жеке мәселелер бойынша азаматтарды қабылдау жүргізіледі.

Аудан әкімдігінің мемлекеттік қызметшілеріне қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған теріс материалдарға тұрақты мониторинг жүргізіледі. Зерттелген кезеңде аудан әкімдігінің атына жазылған теріс сипаттағы материалдар болған емес.

«сенім телефонына» және аудан әкімінің қабылдау бөліміне сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық туралы азаматтардан өтініштер тұрақты негізде жұмыс режимінде қабылданады.

www.boroduliha.vko.gov.kz аудан әкімінің сайтында- сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша аудан әкімдігі жұмысының ашықтығын және сыбайлас жемқорлық сипаттарының алдын-алуға бағытталған шаралар туралы тұрғындарды ақпараттандыруды қамтамасыз ету мақсатында «біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» атты арнайы айдар әзірленіп қызмет етуде.

2016 жылдың 2 тоқсанында аудан әкімдігінің қызметіне қатысты уәкілетті органдармен тексеру жүргізілген жоқ.

III. Қорытынды бөлік

Аудан әкімдігінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының тиімділігін арттыру үшін барлық қажетті шаралар қабылдануда. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралардың көбі кадрлық жұмыс бойынша жүзеге асырылған: 2016 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілген:

Кірістер, мүлік туралы толық және дәйекті мәліметті дер кезінде ұсыну бойынша жұмыс ұйымдастырылып откізілген;

Қызметшілермен сыйлық алу, оның ішінде қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыйлық сыйлауға теріс көзқарасты қалыптастыруға бағытталған шектеулерді қадағалау бойынша ұйымдастырушылық, түсіндірме және өзге де шаралар кешені жүзеге асырылған;

Мемлекеттік қызметте мүдделер қақтығысына ықпал ететін себептер мен салдарды анықтау және болдырмау жөнінде шаралар қабылданған.


Алдағы уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жүйесін дамыту және оның тиімділігін арттыру мақсатында:

сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша іс-шаралар жоспарын орындау:


сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта құқық қорғау органдарының өкілдерін тартумен оқыту семинарларын, «дөңгелек үстел» өткізу;

аудан әкімдігінің құқықтық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама өткізу ұсынылды.

Жұмыс тобы:


С.Н.Лазурин


А.С.Кубаева


В.Г.Драчев


З.М.Шалгимбаева


А.Х.Нигматзанова


Т.К.Құсманова